

Аудандық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін тандау жөніндегі өлшемшарттарды айқындау туралы

Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 тамыздағы № А-7/223 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 қыркүйекте № 5547 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысына сәйкес Шортанды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін тандау жөніндегі өлшемшарттар осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Шортанды ауданы әкімінің орынбасары Е.К. Мұхамединге жүктелсін.
3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Г.Сәдуақасова

Шортанды ауданы әкімдігінің
2016 жылғы 22 тамыздағы
№ А-7/223 қаулысына
қосымша

Аудандық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін тандау жөніндегі өлшемшарттар

№ р/ б	Өлшемшарттар атауы	Иеліктен айыру түрі
1	Егер мемлекеттің алдағы уақытта мемлекеттік меншік объектісін бақылауда мүдделігі болmasa	Аукцион түріндегі жекешелендіру
2	Сату шартын бекіту арқылы уақыттың қандай да бір кезеңіне мемлекет тарапынан бақылауды сақтау қажеттілігі болса	Тендер түріндегі жекешелендіру

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК